

ӘОЖ 343.14

## **ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ СУБЪЕКТІЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ**

**Қонысбай Жәнібек Көкежанұлы**

[Konysbai04@mail.ru](mailto:Konysbai04@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті «Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Тулепенов Жаксылық Какимович

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстан Республикасында және әлемнің көптеген елдерінде жедел-ізвестіру қызметі жұмыс атқарады. Жедел-ізвестіру қызметі Қазақстан Республика Конституциясының 1-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын негізге ала отырып, өз міндеттеріне алған. Және де олардың міндеттеріне қылмыстылықтың алдын алу, қылмысты ашу, анықтау және ең бастысы адам мен азаматтың өмірі мен ден саулығын сақтап қалу міндеттеріне жатады. «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заң мемлекетімізде ең алғаш рет 1994 жылғы 15 қыркүйекте қабылданған болатын.

Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асыратын субъектілер: Ішкі істер органдарында; Ұлттық қауіпсіздік органдарында; Сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органдарында; Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарында; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінде; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінде; Экономикалық тергеу қызметінде өз құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асырады. Жедел-ізвестіру қызметінің әр субъектісі мемлекеттің қорғауында болады.

Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметкерлерін әлеуметтік және құқықтық қорғау.

Қазақстан Республикасының жедел-іздістіру органдарының қызметкерлері өз қызметін атқару уақытында өкімет өкілдері болып саналады және мемлекеттің қорғауында болады. Оларға өздерінің штаттарында көрсетілген құқықтық және әлеуметтік қорғау кепілдіктері қолданылады. Жедел-іздістіру органдарының қызметкерлері өз жұмыс барысында жұмыс ерекшеліктері көзделсе оларға осымша жеңілдіктер берілуі мүмкін.

Жедел-іздістіру органдардың қызметкерлері өздерінің қызмет бабында заң талаптарын басшылыққа ала отырып, саяси партиялардың және саяси мақсаттарды көздейтін бұқаралық қоғамдық қозғалыстардың шешімдеріне байланысты болмайды. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы қызметкерлер мен органдардың заңды іс-қимылына заңмен тікелей уәкілдік берілген адамнан басқа ешкімнің араласуына құқығы болмайды. Қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған кезде олар заңды басшылыққа алуға міндетті. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың басшылары өз қызметкерлерінің, олардың отбасыларының және жақын туыстарының жеке басының қауіпсіздігін, мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Жедел-іздістіру органдардың қызметкерлеріне қызмет міндеттерін лайықты орындау мақсатында арнаулы кәсіби даярлықтан өтуіне, біліктілігін көтеруге және медициналық қызмет көрсетілуі үшін қажетті жағдайлар жасалады.

Жедел-іздістіру органдарына жәрдемдесуші азаматтарды әлеуметтік және құқықтық қорғау:

Жедел-іздістіру органдарына жәрдемдесетін азаматтар мемлекет қорғауында болады. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдарға жәрдемдесуге келісім білдірген азаматтарға, мемлекет Жедел-іздістіру туралы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа заңдарына және қалыптық құжаттарына сәйкес олардың құқықтарын қамтамасыз етуге және міндеттемелерді орындауға кепілдік береді.

Жедел-іздістіру органдарына жәрдемдесуіне байланысты азаматтардың өміріне, сондай-ақ олардың отбасы мен жақын туыстарының денсаулығына немесе мүлкіне, заңға қайшы қол сұғушылықтың анық қаупі төнген кезде, бұл органдар құқыққа қарсы әрекетті болмауы, айыптыларды анықтап, оларды жауапқа тарту, сондай-ақ қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оларды қорғау жөнінде арнаулы жұмыстар жүргізу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Жедел-іздістіру органдармен құпия негізде қызмет істейтін немесе қызмет істеген азаматтар туралы мағлұматтар мемлекеттік құпия болып табылады және олардың жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін. Жедел-іздістіру органдарының азаматтары және сол органдарға жірдем көрсеткен азаматтар мен азаматшылар сыйауы алуға құқылы. Жедел-іздістіру органдармен азаматтардың айналысатын қызметінің негізгі түрі ретінде ақылы негізде келісім-шарт бойынша қызмет істеу кезеңі олардың жалпы еңбек стажына кіреді. Олар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес және Үкіметі белгілеген тәртіппен зейнетақымен қамтамасыз етілуге, қайтыс болған кезде олардың отбасылары мен асырауындағы адамдар асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға құқылы.

Жедел-іздістіру органдармен ынтымақтасып қызмет істеген азамат жедел-іздістіру шараларын жүргізуге қатысуына байланысты қаза болған жағдайда оның отбасына және асырауындағы адамдарға:

- ақылы негізде ынтымақтастықпен қызмет істеп, қаза болған адамның он жылдық ақшалай ақысы мөлшерінде;
- ақысыз негізде ынтымақтастықпен қызмет істеген адам үшін он жылдық ең төменгі жалақы сомасы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

Жедел-іздістіру органдармен ынтымақтасып қызмет істеген азамат өзінің қатысуымен болған жедел-іздістіру шараларын жүргізген кезде мертіккен немесе денсаулығына өзге де зақым келген кезде оған:

- ақылы негізде ынтымақтастықпен қызмет істеген адамдар үшін бес жылдық ақшалай ақысы мөлшерінде;

– ақысыз негізде ынтымақтастықпен қызмет істеген адамдар үшін бес жылдық ең төменгі жалақы сомасы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді. Жедел-іздістіру шараларын жүргізуге қатысуға байланысты қайтыс болуға, мертігуге не денсаулықтың өзгедей зақымдануына орай келтірілген залалдың орнын толтыру Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органның қаржысы есебінен жүргізіледі.

Жедел-іздістіру қызметін қаржыландыру жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдарды ұстауға ұлттық валюта түрінде де, шетел валютасы түрінде де бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Жедел-іздістіру қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Жедел-іздістіру қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Қазақстан Республикасының «Жедел іздістіру қызметі туралы» Заңы / «Параграф» ақпараттық жүйесі: <http://online.zakon.kz>.
2. Ахкубеков Л.Х. Правовое регулирование оперативно-розыскной деятельности за рубежом и использование ее результатов в уголовном процессе
3. Теория оперативно-розыскной деятельности: учебник / Под ред. К.К. Горяйнова, В.С. Овчинского, Г.Н. Синилова и др. – М.: Инфра-М, 2004. – 848 б.
4. Маркушин А.Г. Оперативно-розыскная деятельность: учебник для вузов. – М.: Изд-во Юрайт, – 399 б.